

Облыс Әкімдігі қаулылары күшінің жойылғандығын тану туралы

Алматы облысының Әкімиятының 2003 жылғы 17 маусымдағы N 50 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 4 шілдеде N 1240 тіркелген

РҚАО-ның ескертуі: Мемлекеттік тіркеу бұзылды - мемлекеттік тіркеуге жатпайтын ретінде Алматы облыстық Әділет департаментінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 2-23/и-6065 хатымен (1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" ҚР Заңының 38 бабы).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Заңының 37 бабының негізінде және "Алматы облыстық сауда және қызмет көрсету салалары кәсіпорындарының қызметін бақылау және үйлестіру жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Алматы облысының сауда және қызмет көрсету салалары басқармасы" мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылуына байланысты облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Облыс әкімдігінің 2003 жылғы 24 қаңтардағы "Алматы облысының базарларында бір жолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" N 4 және 2003 жылғы 5 наурыздағы "2003 жылғы 24 қаңтардағы "Алматы облысының базарларында біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" N 4 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 7 қаулыларының күші жойылған деп есептелсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Тәкеновке жүктелсін.

Облыс әкімі